«Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Ғылым комитеті» ММ-нің 2023 жылғы
«7» желтоқсандағы
№ 3109-16-14387-1/16-5-17 хатымен
КЕЛІСІЛДІ

«Ғылым қоры» АҚ Басқармасының
2023 жылғы «7» желтоқсандағы
№ 48 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

# 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру үшін конкурстық құжаттама

**Астана қ., 2023 ж.**

# Мазмұны


| | |
|---|---|
| 1 бөлім. Ұғымдар мен анықтамалар | 3 |
| 2 бөлім. Жалпы ережелер | 5 |
| 3 бөлім. Қаржыландыру ұсынылатын экономиканың басым секторларының тізбесі | 7 |
| 4 бөлім. Жобалық топқа қойылатын талаптар | 8 |
| 5 бөлім. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар | 9 |
| 6 бөлім. Өтінімді беру нысаны | 10 |
| 7 бөлім. Жобаны қоса қаржыландыру шарттары | 11 |
| 8 бөлім. Жобаны іске асыруға қойылатын талаптар | 13 |
| 9 бөлім. Жобаны іске асыру қорытындылары бойынша міндетті нәтижелерге қойылатын талаптар | 16 |
| №1 қосымша | 17 |
| №2 қосымша | 24 |
| №3 қосымша | 33 |
| №4 қосымша | 38 |
| №5 қосымша | 45 |
| №6 қосымша | 69 |
| №7 қосымша | 76 |

## 1-бөлім. Ұғымдар мен анықтамалар

1. Осы Конкурстық құжаттамада мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

**әлеуетті өтінім берушілердің үлестес тұлғалары** - шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Әлеуетті грант алушының және әлеуетті грант алушының үлестес тұлғаларының гранттық бағдарламаның бір кіші жобасы шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізуші болуға құқығы жоқ.

**ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант** (бұдан әрі - грант) - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттары шеңберінде және экономиканың басым секторларында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі - ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін бюджеттік және (немесе) бюджеттен тыс қаражат;

**ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары бойынша грант алушы** (бұдан әрі - Грант алушы) - Заңды тұлғамен ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған Жобаны гранттық қаржыландыру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;

**ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын іске асыруға арналған шарт** (бұдан әрі - Шарт) - Грант алушы мен Заңды тұлға арасындағы мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаны іске асыруға арналған келісім, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі мен жобада мәлімделген өзге де қатысушы (қатысушылар) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған, ҒҒТҚН коммерцияландыруды қаржыландыратын заңды тұлғалар арасында оны іске асырудың бүкіл мерзіміне жасалады;

**ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары бойынша өтінім беруші** (бұдан әрі - Өтінім беруші) - грант алу үшін өтінімді қарауға ұсынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ дербес білім беру ұйымы мен олардың ұйымдары;

**өтінім** - жобаны іске асырудың технологиялық және экономикалық (маркетингтік) жоспарларды; ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде өтініш берушінің аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесін, Сараптама орталығы тағайындаған ҒҒТҚН тіркеу нөмірін, жекеше әріптеспен бірлескен қызмет туралы Шарттың көшірмесі (болған жағдайда), жобалық топ мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың, дипломдардың, куәліктердің, сертификаттардың, түйіндемелер мен басқа да құжаттардың көшірмелерін, әлеуетті сатып алушылардан өнімге,

жұмысқа немесе көрсетілетін қызметке қызығушылықтарын растайтын хаттар және (немесе) алдын ала шарттарды, шығыстар сметасын растайтын құжаттарды (кемінде үш әлеуетті өнім берушіден баламалары бар коммерциялық ұсыныстар, скриншоттар, ресми сайттарға және/немесе дистрибьютерлерге және/немесе электрондық онлайн-аландарға және онлайн платформаларға - шығыстар бабы бойынша хабарламаларға - жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық жасақтаманы сатып алуға және шығыс материалдары мен құраушы бөліктерін сатып алуға сілтемелер), қолданыстағы материалдық-техникалық база бойынша құжаттардың көшірмелерін (болған жағдайда), Өтінім берушіден зияткерлік меншік объектісіне (объектілеріне) арналған қорғау құжатының (құжаттарының) көшірмесін (көшірмелерін) немесе зияткерлік меншік объектісіне (объектілеріне) арналған қорғау құжатын (құжаттарын) алуға өтінімді(дерді) (болған жағдайда) қамтитын ҒҒТҚН коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

**ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру** (бұдан әрі - ҒҒТҚН коммерцияландыру) - табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, практикалық тұрғыда қолдануға байланысты қызмет;

**ұлттық ғылыми кеңес** (бұдан әрі - ҰҒК) - «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру» басым бағыты бойынша құрылған алқалы орган;

**ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп -** ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың одан әрі жүргізілуінің орындылығы туралы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

**ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы** (бұдан әрі - жоба) - зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатындағы ҒҒТҚН, практикалық қолдануға бағытталған жоспарланатын жұмыс мазмұнын қамтитын құжат;

**ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі** (бұдан әрі - ҒҒТҚН) - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен алынған және кез келген ақпараттық жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

**ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасының жетекшісі** (бұдан әрі - жоба жетекшісі) - жобалық команданы және жобаны жедел басқару үшін дербес жауапкершілік жүктелетін тұлға;

**стартап-компания** - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын және төменде келтірілген талаптардың біріне сәйкес келетін: а) қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың қатысуымен құрылған; б) инновацияларды әзірлейтін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

**технологиялық сараптама** (бұдан әрі - ТС) - жобаның өзектілігін, ғылыми-техникалық әлеуетін, ҒҒТҚН енгізілуін (пайдалануды), коммерцияландыруға даярлығын, жобаның техникалық және өндірістік тәуекелдерін бағалаумен байланысты қызмет;

**ғылым саласындағы уәкілетті орган** - «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ;

**сараптама орталығы** - «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы. Байланыс деректері: 050026, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 221, тел: 8 (727) 355 5002, e-mail: info@ncste.kz;

**жекеше әріптес** - мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан жеке кәсіпкер, қарапайым серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

**жобалық топ мүшесі** - Қазақстан Республикасының азаматы және/немесе резиденті болып табылатын ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыратын жобалық топ құрамындағы жеке тұлға;

**экономикалық (маркетингтік) сараптама** (бұдан әрі - ЭС) - жобаның коммерциялық тартымдылығын және ұсынылған қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің негізділігін бағалаумен байланысты қызмет;

**заңды тұлға** - «Ғылым қоры» акционерлік қоғамы. Байланыс деректері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 41, «Silk Way Center» БО, 4-ші қабат. 8 (7172) 76 85 74, info@science-fund.kz.

## 2-бөлім. Жалпы ережелер

2. Осы Конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңдарына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 489 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 487

бұйрығымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер тізбесін және олар туралы ережесіне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 01 қарашадағы № 543 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді (бұдан әрі - жоба) мемлекеттік есепке алу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 447 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына сәйкес әзірленді.

3. ҒҒТҚН коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың (бұдан әрі - конкурс) мақсаты - экономиканың басым секторларына және ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес гранттық қаржыландыру тетіктері арқылы табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдануға жәрдемдесу болып табылады.

Конкурстың негізгі қағидаттары:

1) процестің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы кезіндегі транспаренттілігі;

2) ҒҒТҚН алуға, табыс табуға тартылған тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беру;

3) экономиканың басым секторларында ҒҒТҚН коммерцияландыруды экономикалық ынталандыру;

4) білімнің, ғылымның, өндірістің және инновациялық даму институттарының интеграциясы.

Уәкілетті орган, Сараптама орталығы, Заңды тұлға қызметкерлерінің үлестес тұлғаларына конкурсқа өтініш беруші (жеңімпаз), жеке әріптес, сондай-ақ грант алушы ретінде кез келген нысанда қатысуға тыйым салынады.

4. Грант алуға өтінімді беру сәтіне қарай ғылыми зерттеулер аяқталуы бойынша Сараптама орталығында тіркелуі тиіс (ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізбесі).

Бұл ретте өтінім беру сәтіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелері ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023 жылғы 18 шілдедегі «Ғылыми ұйымдар мен зерттеу университеттерінің және олардың әзірлемелерінің технологиялық дайындық деңгейін айқындау (TRL) әдістемесін бекіту туралы» № 112-НЖ бұйрығымен бекітілген технологияның дайындық деңгейін айқындау әдістемесіне (TRL) сәйкес технологиялық әзірліктің (TRL) 6 (алтыншы) немесе одан жоғары деңгейіне сәйкес болуы міндетті.

5. Бір жобаны іске асыру үшін бөлінетін гранттың барынша жоғары ықтимал көлемі 350 (үш жүз елу) миллион теңгеден аспауы тиіс, соның ішінде:

2023 жылға - 30%, 2024 жылға - 50%, 2025 жылға - 20%, жол берілетін қателік шегі 0,001% - дан аспайтын (пайыздың мыңнан бір бөлігі).

6. Конкурсқа қатысумен байланысты барлық шығындарды, соның ішінде конкурсқа қатысуға өтінімді дайындаумен және берумен байланысты шығындарды Өтінім берушілер өз мойындарына алады.

7. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде көрсетілген барлық сомалар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен көрсетілуі тиіс.

8. Конкурсты «Ғылым қоры» АҚ өткізеді, ол Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 маусымдағы № 278 бұйрығына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

ҒҒТҚН коммерциялandырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурсты Заңды тұлға 2023 жылғы «7» желтоқсанда жариялады және хабарландыру келесі интернет-ресурстарда орналастырылды:

уәкілетті орган https://www.gov.kz/memleket/entities/sc?lang=ru,

Заңды тұлға http://science-fund.kz/;

Сараптама орталығы https://www.ncste.kz/ru/competition.

9. 2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы - 24 500 000 000 теңге, соның ішінде жылдар бойынша:

2024 жылға - 7 354 933 101,43 теңгені,

2025 жылға - 12 250 000 000,00 теңгені,

2026 жылға - 4 895 066 898,57 теңгені құрайды.

10. Өтінімдерді қабылдау 2023 жылғы «19» желтоқсанда басталады. Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі - 2024 жылғы «22» қаңтар.

## 3-бөлім. Қаржыландыру ұсынылатын экономиканың басым секторларының тізбесі

11. Жобаларды қаржыландыру ЖҒТК айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттары шеңберінде, сондай-ақ елдің стратегиялық құжаттарына (Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, салаларды/аяны дамыту тұжырымдамалары) сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде жүзеге асырылады:

1. Экология («Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы);
2. Су үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру технологиялары («Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы 2023-2029 жылдарға арналған даму Тұжырымдамасы);
3. Электр энергетикасы. Мұнай-газ химиясы. Көмір химиясы. (Электр энергетикасы саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; отын-энергетика кешенін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

4. Геологиялық барлау. Тау-кен металлургия кешені. Сирек және сирек жер металдарын өндіру. (Геология саласын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

5. Өңдеу өнеркәсібі. Металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі. (Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

6. Цифрлық және ғарыштық технологиялар (цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; ғарыш саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

7. Сапалы білім беру (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

8. Денсаулық сақтау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу. (Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы);

9. Агроөнеркәсіптік кешені. АӨК өнімдерін қайта өңдеу. (Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы);

10. Экологиялық туризм, агротуризм, этнографиялық туризм (Туристік саланы дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы);

11. Ұлттық қауіпсіздікті нығайту (Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары);

12. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген экономиканың өзге де секторлары.

Бұл ретте ҒҒТҚН коммерцияландырудың мәні болып табылатын ҒҒТҚН мемлекеттік құпия болмауы тиіс.

## 4-бөлім. Жобалық топқа қойылатын талаптар

12. Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде Өтінім берушіні ауыстыруға жол берілмейді.

13. Жобалық топта 4-тен кем емес және 6-дан артық емес адам болуы тиіс.

14. Ұсынылатын жобаны іске асыру үшін Грант алушы Конкурстық құжаттамаға №1 қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген заңды тұлға болуы тиіс, атап айтқанда Өтінім беруші немесе стартап-компания немесе жекеше әріптес болуы тиіс. Бұл ретте, жекеше әріптес (болған жағдайда) қоса қаржыландыру, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны ұсыну арқылы Жобаны іске асыруға қатыса алады.

15. Стартап-компанияны құрған жағдайда конкурс Жеңімпазының жобаны іске асырудың бүкіл мерзімінде құрылтайшылар/қатысушылар құрамына кіруі міндетті шарт болып табылады.

16. Банкрот, тарату, қалпына келтіру сатысында тұрған және (немесе) жалған кәсіпорын болып табылатын тұлғалар грант алушы бола алмайды.

17. Жоба жетекшісі Қазақстан Республикасының азаматы болуы міндетті.

18. Жобалық топ мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары және/немесе резиденттері болуы міндетті.

19. Жобалық топ мүшелерінің жоғары білімдері болуы міндетті.

20. Жоба жетекшісі жобаны іске асыру мерзімі ішінде еңбек шарты негізінде Грант алушының жобасы бойынша толық жұмыс күніне штаттық қызметкері болуға міндетті.

21. Жобалық топ мүшелері жобаны іске асыру кезеңінде екіден артық Жобаға қатыса алмайды.

22. Жобалық топта технологияларды коммерцияландыруда немесе бизнесті дамытуда кемінде 3 жыл практикалық тәжірибесі бар коммерцияландыру жөніндегі маманның болуы міндетті.

Стартап-компания құрылған жағдайда жобалық топта қолданыстағы қазақстандық кәсіби бухгалтер сертификаты бар бухгалтердің болуы міндетті.

Коммерцияландыру жөніндегі маманның және бухгалтердің еңбек қызметін (тәжірибесін) растайтын құжат мыналардың кез келгені болуы мүмкін: еңбек кітапшасы; тоқтатылған күні мен негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындағанын және (немесе) тоқтатылғанын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірме; қызметкерлерге жалақы беру ведомосынан үзінді көшірмелер; қол қойылған және жұмыс берушінің мөрімен расталған қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі) (ол болған кезде); қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама; еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні белгілеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі.

## 5-бөлім. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

23. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау www.is.ncste.kz сілтемесі бойынша Сараптама орталығының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі - ААЖ) жүзеге асырылады.

24. Өтінім беруші Сараптама орталығының ААЖ арқылы www.is.ncste.kz сілтемесі бойынша жобалық топтың мүшелері, жобалық топтың жетекшісі және Өтінім берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған конкурсқа арналған өтінімді электрондық түрде береді. Өтінімді тіркеу кезінде Өтінім берушіге жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі - ЖТН) беріледі.

25. Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін сараптама орталығы өтінімнің чек-параққа (Конкурстық құжаттамаға №7 қосымша) сәйкес конкурстық құжаттамаға сәйкестігіне, сондай-ақ қосарланған қаржыландыру фактісін болдырмау мәніне тексеру жүргізеді.

Сонымен қатар, жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде қосарланған қаржыландыру фактілері анықталған кезде грант алушы ҰҒК шешімі негізінде

ҒҒТҚН коммерцияландыруға алынған гранттың ақшалай сомасын қайтаруға міндеттенеді.

26. Сараптама орталығы ақпараттық жүйе арқылы чек-параққа (Конкурстық құжаттамаға №7 қосымша) сәйкес ескертулерді көрсете отырып, конкурстық құжаттамаға сәйкес келмейтін өтінімдерді пысықтауға жібереді.

27. Пысықталған өтінімдерді алу кезінде Сараптама орталығы осыдан бұрын нұсқалған ескертулердің жойылғанын тексереді.

Ескертулер жойылмаған жағдайда Сараптама орталығы өтінімді қабылдамайды, бұл ретте өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға чек-параққа (Конкурстық құжаттамаға №7 қосымша) сәйкес ескертулер көрсетілген хабарлама жіберіледі.

28. Өтінім беруші ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, бұрын өткізілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдегі және есептердегі мәтіннің түпнұсқалығына толық жауапты болады.

Мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексеру нәтижелері бойынша ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған бірлескен авторлық, қайталау, бөтен адамның деректерін иемдену, ғылыми деректерді ойдан шығару және бұрмалау және т.б.) фактілері анықталған жағдайда Сараптама орталығы өтінімді қабылдамайды.

29. Өтінім беруші қатысудан бас тартуды жазбаша Сараптама орталығына ұсына отырып, конкурсты өткізудің кез келген кезеңінде оған қатысудан бас тартуға немесе өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін өтінімдерді қабылдаудың электрондық жүйесінде (ААЖ) өтінімді кері қайтарып алуға құқылы.

## 6-бөлім. Өтінімді беру нысаны

30. Әлеуетті Өтінім беруші өзінің өтінімі шеңберінде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Конкурстық құжаттаманың №1 қосымшасына сәйкес жобаны іске асырудың технологиялық жоспары;

2) Конкурстық құжаттаманың №2 қосымшасына сәйкес жобаны іске асырудың экономикалық (маркетингтік) жоспары, ол технологиялық жоспармен бірге ЭМС жүргізу үшін сарапшыға ұсынылады;

3) өтінімді беру кезінде қолданылу мерзімі аяқталмаған өтінім берушіні ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) Сараптама орталығы тағайындаған ҒҒТҚН тіркеу нөмірі;

5) Жоба грантының жалпы құнының кемінде 20% сомасында қоса қаржыландыру мөлшерін, жобаны іске асыру шарттарын, шарттың қолданылу мерзімін, жобаның атауын және конкурстың атауын, сондай-ақ материалдық-техникалық база объектілерін беру шарттарын көрсете отырып, Конкурстық құжаттаманың №3 қосымшаға сәйкес жеке әріптеспен бірлескен қызмет

туралы қолданыстағы шарттың көшірмесі (бар болса) Конкурстық құжаттамаға №1 қосымшаның 7-кестесінде көрсетілген жеке әріптес тарапынан (материалдық-техникалық базаға құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса берілсін);

6) жобалық топ мүшелерінің өтінімді беру сәтіне жарамдылық мерзімдері өтіп кетпеген жеке басын куәландыратын құжаттарының, дипломдарының, куәліктерінің, сертификаттарының, түйіндемелерінің көшірмелері;

7) әлеуетті сатып алушылардың өнімге, жұмысқа немесе қызметке мүделілігін растайтын ниет хаттары немесе алдын ала шарттар (бар болса);

8) шығыстар сметасын растайтын құжаттар (кемінде үш әлеуетті өнім берушінің баламалары бар коммерциялық ұсыныстар және (немесе) скриншоттар және(немесе) сайттарға және(немесе) дистрибьюторларға және (немесе) электрондық онлайн-алаңдар мен онлайн-хабарландыру платформаларына сілтемелер;

9) қолданыстағы материалдық-техникалық база туралы құқық орнатушы құжаттардың көшірмелерін ұсыну (болған жағдайда);

10) зияткерлік меншік объектісі (объектілеріне) үшін қолданыстағы қорғау құжатының (құжаттарының) көшірмесі (көшірмелері) немесе Өтінім берушіден зияткерлік меншік объектісін (объектілерін) қорғау құжатын (құжаттарын) алу үшін өтінім(дер) (болған жағдайда);

11) Конкурстық құжаттаманың №4 қосымшасына сәйкес жобаның презентациясы.

Жоғарыда аталған құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Осы тармақтың 1), 2), 5), 10) тармақшаларында көзделген құжаттар ағылшын тілінде не егер бұл құжаттың көшірмесі болса, ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге ұсынылады. Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі құжаттар мәтінінің мазмұны бірдей болуы керек.

## 7-бөлім. Жобаны қоса қаржыландыру шарттары

31. Жобаны қоса қаржыландыру Конкурсқа қатысу үшін міндетті талап болып табылады. Қоса қаржыландыру мөлшері жобаны іске асыру тетігіне байланысты болады:

1) егер грант алушы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері болып табылатын мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен ғылыми ұйымдар болып табылса, гранттың жалпы сомасының кемінде 20% (№1 іске асыру тетігі);

2) грант алушы стартап-компания болған кезде гранттың жалпы сомасының кемінде 25% (№2 іске асыру тетігі);

3) жекеше әріптес не өзге заңды тұлға грант алушы болып табылған жағдайда гранттың жалпы сомасының кемінде 35% (№3 іске асыру тетігі).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, грант алушы болып табылмайтын ғылыми ұйымдар жобаны қоса қаржыландыра алмайды. Бірлесіп қаржыландыру қаражаты кезеңдер бойынша грант сомасына пропорционалды бөлінеді. Бұл ретте грант алушының жобаны іске асырудың бастапқы кезеңдеріне қоса қаржыландырудың үлкен сомасын бөлуге құқығы бар, қалған сома келесі кезеңдерге пропорционалды бөлінеді.

32. Бірлесіп қаржыландыру ақшалай қаражатпен енгізіледі, сонымен бірге бюджет қаражаты, материалдық салым (жабдық, техника, жер, ғимараттар мен үй-жайлар және т.б.) қоса қаржыландыру ретінде бола алмайды. Жобаны өтініш берушінің не стартап-компанияның өз қаражаты есебінен не жекеше әріптес тарапынан қоса қаржыландыру кезінде өтінім берілгенге дейін теңгедегі салым сомасы, сондай-ақ сәйкесінше Шартта көрсетілген (жекеше әріптес болған жағдайда) бірлескен қызмет талаптары айқындалуы тиіс.

33. Грант алушы әрбір кезең бойынша грант сомасының бірінші траншын аударғанға дейін екінші деңгейдегі банктен(терден) (ЕДБ) осы кезеңді қоса қаржыландыру сомасының кемінде 30% мөлшерінде қоса қаржыландыру қаражатының барын растайтын анықтаманы ұсынуға міндеттенеді.

Сонымен қатар, грант алушы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы шарттың орындалу тәуекелдерін гранттың толық сомасына сақтандыру жасалған шартты (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялар тізіліміндегі сақтандыру компаниясы) беруге міндеттенеді.

34. Қоса қаржыландыру қаражаты жобаны іске асырудың әрбір кезеңінде тек қана жобаның мақсаттары мен міндеттеріне жоспарлануы әрі жұмсалуы тиіс.

35. Мынадай шығыстар қоса қаржыландыру қаражаты есебінен қаржыландыруға жатпайды:

1) темекі бұйымдарын, алкоголь өнімдерін, қару-жарақ пен әскери жабдықтарды, құмар ойындарды өндіру және (немесе) сату;

2) кез келген үшінші тарапқа пайыз төлеу және (немесе) берешекті өтеу;

3) болашақтағы ықтимал шығындарға және (немесе) берешектерге арналған шығыстар мен резервтер;

4) өкілдік шығыстар.

## 8-бөлім. Жобаны іске асыруға қойылатын талаптар

36. Грант қаражаты есебінен келесі шығыстар қаржыландырылады:

1) жобаны іске асыруға тартылған жобалық топ мүшелеріне еңбекақы төлеу қоры (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдерді қоса алғанда жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне сұралған грант сомасының 30%-нан артық емес);

2) жаңа жабдықты және (немесе) бағдарламалық жасақтаманы сатып алу;

3) жобаны іске асыру үшін өндірістік үй-жайларды дайындау;

4) жобаны іске асыру үшін шығыс материалдары мен құрағыштарды сатып алу;

5) жобаны іске асырумен байланысты үшінші тұлғалардың жұмыстарына және көрсететін қызметтеріне ақы төлеу (Конкурстық құжаттаманың 38-тармағында көрсетілген баптарды қоспағанда);

6) жобаны іске асыру үшін қажетті өндірістік алаңдарды, үй-жайларды және жабдықтарды жалға алу (Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне сұралған Грант сомасының 20%-нан артық емес);

7) жобаны іске асыру барысында алынған жаңадан құрылатын зияткерлік меншік объектілеріне зияткерлік меншікті қорғау (патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметтері, мемлекеттік және патенттік алымдарды төлеу). Өтінімді беру кезінде қорғау құжаттары болмаған жағдайда, Өтінім беруші жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде және (немесе) екінші кезеңінде Жобаның күнтізбелік жоспары мен Шығыстар сметасында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бойынша тиісті іс-шаралар мен шығыстарды жоспарлауға міндетті;

8) нарыққа өнімді немесе көрсетілетін қызметтерді ілгерілету бойынша шығындар сұралған грант сомасының кемінде 5%-зын құрауы тиіс;

9) жобаны іске асыру барысында туындайтын салықтық міндеттемелер және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

10) операциялық шығыстар (тұрғын емес жайларды мүліктік жалға алу (жалдау) (Грант алушының қосалқы жалға беруіне (субаренда) және үшінші тұлғаларға жалға беруіне тыйым салынады) және зияткерлік меншік объектілерін сатып алумен байланысты шығыстарды қоспағанда банктік қызметтер).

37. Келесі шығыстар грант есебінен қаржыландыруға жатпайды:

1) темекі бұйымдарын, алкоголь өнімдерін, қару-жарақ пен әскери жабдықтарды, құмар ойындарды өндіру және (немесе) сату;

2) кез келген үшінші тарапқа пайыз төлеу және (немесе) берешекті өтеу;

3) болашақтағы ықтимал шығындарға және (немесе) берешектерге арналған шығыстар мен резервтер;

4) мемлекеттік бағдарламалар немесе мемлекеттік компаниялар және (немесе) ұйымдар есебінен бұрын қаржыландырылған жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер;

5) валюта айырбастаудағы ысырап, айыппұлдар мен өсімпұлдар;

6) сыйлықақы және материалдық көмек, сондай-ақ Грант алушының қызметкерлеріне өтемақы төлеу;

7) өкілдік шығыстар;

8) персоналды іріктеумен байланысты қызметтер;

9) баспа басылымдарына (газеттер, журналдар және т. б.) жазылу шығындары;

10) көлік құралдарын (егжей-тегжейлі негіздеме берілген мамандандырылған техниканы қоспағанда), жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті сатып алу;

11) ғимараттар мен тұрғын/тұрғын емес үй-жайларды салуға және сатып алуға арналған шығыстар;

12) ғылыми мақалаларды жариялауға, ғылыми іс-шараларға қатысуға арналған шығыстар;

13) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант беру туралы Шартқа қол қойылғанға дейін алынған қорғау құжаттарын күшінде ұстап тұруға бағытталған шығыстар;

14) іссапар шығыстары;

15) коммуналдық қызметтерге, кеңсе тауарларына, пошта қызметтеріне, байланыс және телекоммуникация қызметтеріне арналған операциялық шығыстар;

16) сақтандыру шығындары.

38. ҒҒТҚН коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру үшін мақұлданған жобалар Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылуы тиіс.

39. Жоба басшысын және/немесе жеке серіктесті ауыстыру тиісті Ұлттық ғылыми кеңестің қарауына шығарылады.

Бұл ретте жоба басшысын және / немесе жекеше әріптесті ауыстыруға, басшының қайтыс болуы және жекеше әріптес таратылған жағдайларды қоспағанда, жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде бір реттен артық емес жол беріледі.

40. Коммерцияландыру жөніндегі маманды және жобалық топтың басқа мүшелерін ауыстыру жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде Заңды тұлғаның жазбаша келісімімен рұқсат етіледі.

41. Гранттық қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер шеңберінде алынған ҒҒТҚН коммерцияландыру бөлігінде Заңмен реттелген құқықтық қатынастарға сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының күші қолданылмайды.

42. Грант алушының жобаны іске асыруға қатысатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға грант ұсыну туралы шарт бойынша тараптардан Грант қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуына жол берілмейді.

43. Жобаны іске асыру барысымен байланысты және (немесе) жоба аяқталғаннан кейінгі ақпаратты жариялау кезінде Грант алушылар Заңды тұлғаның және (немесе) уәкілетті органның атауын көрсете отырып, алынған Грантқа сілтеме жасауы қажет.

44. Жобаны іске асыру мерзімі 2024-2026 жылдар. Бұл ретте ҰҒК шешімі негізінде жоба бұрын бөлінген грант сомасы шеңберінде жалпы мерзімі 5 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

45. Шарттың қолданылу мерзіміне жоба шеңберінде пайдалануға мәлімделген қолданыстағы зияткерлік меншік объектілері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт жасалғанға дейін жобаны іске асыратын тұлғаға (Өтінім беруші грант алушы ретінде болатын жағдайларды қоспағанда) берілуі тиіс (Өтініш беруші тарапынан Заңды тұлғаға қажетті негіздемені беру шарты қойылатын айрықша жағдайларда осы рәсімді жобаны іске асырудың 3 айынан аспайтын мерзім ішінде аяқтауға жол беріледі). Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды беру жөніндегі растайтын құжаттар көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Заңды тұлға гранттық қаржыландыруды тоқтату және бөлінген қаражатты қайтару мәселесіне бастамашылық жасайды.

46. Жобаны іске асыру шеңберінде жаңадан құрылатын зияткерлік меншік объектілері жобаны іске асыратын Грант алушынының атына тіркелуі тиіс.

47. Патент иеленуші (лицензиат) не ҒҒТҚН иесі болып табылмайтын Грант алушы қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін (зияткерлік меншік объектісін) және/немесе ҒҒТҚН патент иеленушінің (лицензиардың) немесе ҒҒТҚН меншік иесінің рұқсатымен лицензиялық шарт және/немесе кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты және/немесе лицензиялық шарт (лицензиялық шарт) талаптарын қамтитын зияткерлік меншік объектісін және/немесе ҒҒТҚН беру жөніндегі өзге де шарт негізінде пайдаланады.

48. Ғылыми ұйымдар, ғалымдар (патент иеленуші, автор немесе ҒҒТҚН иесі) өнеркәсіптік меншік объектісін және/немесе ҒҒТҚН тиесілі айрықша және/немесе өзге де құқықты өзгеге беру шарты және/немесе өзге де шарт бойынша грант алушыға (өтініш беруші грант алушы ретінде болған жағдайдан басқа) береді және ол үшін роялти және/немесе сыйақы алады. Бұл ретте роялти және/немесе сыйақы төлеудің талаптары мен мөлшері жоғарыда аталған шарттармен айқындалады.

49. Жобалар бойынша Грант алушы Заңды тұлғаға Шартпен белгіленген мерзімде әрбір кезең бойынша аралық есептерді, сондай-ақ Жобаның аяқталуы бойынша қорытынды есепті, оған қоса гранттық қаржыландыру қаражатын пайдалану туралы қаржылық есеп береді.

50. Грант алушы жобаны іске асыру барысында қажеттілігіне қарай Заңды тұлғамен келіспей әрбір кезең шеңберінде жоба бойынша шығыстар сметасының жалпы сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада бекітілген шығыстар баптары арасында (еңбекақыны төлеу қорынан басқа) грант қаражатын қайта бөледі.

51. Заңды тұлға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуына талдау жүргізеді, сондай-ақ күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жобаларды ілгерілету және іске асыру іс-шараларын жүргізеді.

52. Сараптама орталығы жобаларды орындау және аяқтау кезеңдерінде олардың нәтижелерін ҰҒК-ға жібере отырып, олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады.

53. ҒҒТҚН коммерцияландыруға қатысушылар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаттары мен нормалары мүлтіксіз сақтауға міндеттенеді.

## 9-бөлім. Жобаны іске асыру қорытындылары бойынша міндетті нәтижелерге қойылатын талаптар

54. Жобаны іске асыру бойынша міндетті нәтиже зияткерлік қызмет нәтижелерін, нарыққа жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестерді немесе қызметтерді шығаруды және олардан кіріс алуды қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық қолдануға байланысты қызмет болуы тиіс.

55. Жобаны іске асыру шеңберінде оны аяқтау сәтінде табыс көлемі грант сомасының кемінде 15%-зын құрауы тиіс.

56. Жобаны іске асыруды аяқтау сәтінде ЗМО алу қажет немесе оны алуға уәкілетті әділет органдарына өтінім беру қажет (ЗМО-ға арналған қорғау құжаттары болмаған жағдайда).

57. Коммерцияландыру жобасы мына тәсілдердің бірімен немесе одан артығымен іске асырылуы тиіс:

1) өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру мен сатуды ұйымдастыру;

2) ҒҒТҚН лицензиялық шарт және (немесе) құқықтарды басқаға беру шартын жасасу;

3) іске асырылатын жобаға инвестициялар тарту;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да тәсілдер.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы
жобаларын грантық қаржыландыруға
арналған конкурстық құжаттамаға
№1 қосымша

# Жобаны іске асырудың технологиялық жоспары

**1. Жалпы ақпаратт**

**1.1** Жоба тақырыбының атауы (20 сөзден артық емес): __________.

**1.2** Экономиканың басым секторының атауы: __________.

**1.3** Жобаны іске асырудың барлық мерзіміне, жылдар бойынша сұратылатын гранттық қаржыландыру сомасы: __________.

Бірлесіп қаржыландыру сомасы (сұратылған гранттық қаржыландыру сомасынан % ): __________.

**1.4** Экономика секторын және сарапшыларды іріктеу үшін жобаның бағытын сипаттайтын түйінді сөздер.

*1-ші кесте*

| | |
|---|---|
| Болжамды грант алушы (Өтініш беруші немесе стартап-компания немесе жеке серіктес не өзге заңды тұлға) | *Атауын көрсетіңіз (болған жағдайда)* |
| Болжамды грант алушының өз қаражаты есебінен жобаны қоса қаржыландыру (Өтініш беруші немесе стартап-компания, жеке серіктес не өзге заңды тұлға) | |
| Жобаны жеке серіктестің қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыру (бар болса)/ Жобаны қоса қаржыландыратын жеке серіктестің атауы (бар болса) | |
| Жобаны қоса қаржыландыратын жекеше әріптестің атауы (болған жағдайда) | |
| Материалдық-техникалық базаны ұсынатын жекеше әріптестің атауы (болған жағдайда) | |
| Жобаны іске асыру жоспарланған орын | |
| Жобаның мақсаты | *Жобаның мақсатын бір сөйлеммен сипаттаңыз* |
| Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің қысқаша сипаттамасы | *Коммерцияландыруға ұсынылатын ҒҒТҚН сипаттамасы келесі екі сұраққа жауап беруі тиіс:*<br>*- Бұл не? (мысалы тәсіл, құрылғы, жаңа материал және т.б.)*<br>*- Нарықтың қандай проблемасын шешеді?* |
| «Ғылыми ұйымдар мен зерттеу университеттерінің және олардың әзірлемелерінің технологиялық дайындық деңгейін (TRL) айқындау әдістемесін бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023 жылғы 18 шілдедегі № 112-НЖ бұйрығына сәйкес ҒҒТҚН технологиялық дайындық деңгейі | *Технологияның дайындық деңгейін (TRL) көрсетіңіз, TRL негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижені сипаттаңыз* |

| | |
|---|---|
| Таңдалған коммерцияландыру жолы | *Конкурстық құжаттаманың 9-ші бөлімінің 57-тармағына сәйкес коммерцияландыру жолын көрсетіңіз* |
| Ұсынылған жоба осыдан бұрын өзге көздерден қаржыландырылған ба және қандай мөлшерде? | *Бағдарлама нөмірі, сомасы, мерзімі, атауы және т.б.* |

**1.5. Коммерцияландыруға ұсынылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері**

*Бұрын іске асырылған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыстың сипаттамасын (оның ішінде қашан, қандай бағдарлама бойынша немесе бастамашылық негізде, қайда, қаржыландыру сомасы, мемлекеттік тіркеу нөмірі) ұсыну қажет.*

*Коммерцияландыру үшін ұсынылатын нақты нәтижені көрсетіңіз: модельдер, макеттер, жаңа өнімдердің, материалдар мен заттардың үлгілері, технологиялар, графикалық материалдарды (фотосуреттер, суреттер, схемалар және т.б.) келтіре отырып, жаңа білім немесе шешімдер.*

*Жобаны әзірлеудің алғышарттары, зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерді міндетті салыстырмалы талдаумен және олардың осы жобамен өзара байланысын негіздей отырып, ҒҒТҚН ғылыми жаңалығын негіздеу.*

*Жобаның ғылыми жаңалығын тұжырымдау.*

**1.6. Ұсынылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі бизнестің қандай проблемасын шешеді**

*Бұл жерде мыналар көрсетіледі:*

*- ҒҒТҚН нарықтың қандай проблемасын шешеді?*

*- бұл проблеманы қалай шешуді ұсынылады?*

*- коммерцияландыруға ұсынылатын ҒҒТҚН қажеттілігі және маңыздылығы?*

*Оның үстіне, жобаның жоғары қосымша құны бар жаңа тауарларды өндіруге мақсаттылық дәрежесін көрсету қажет, ол нарықтар сипаттамасы және өнімнің техникалық-экономикалық сипаттамалары бойынша негізделген сандық деректермен расталуы тиіс.*

**1.7. ҒҒТҚН коммерцияландыруға ұсынылған жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер**

*ҒҒТҚН коммерцияландыруға ұсынылатын жұмыстардың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері бөлек, қысқаша және анық баяндалуы, жарияланған Конкурстың мәніне сай болуы және осыдан бұрын алынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне негізделуі тиіс.*

**1.8. Техникалық сипаттамаларын көрсете отырып ұсынылған өнімнің немесе қызметтің нарықта бар аналогтар және алмастырушылармен салыстырмалы сипаттамасы**

*Бөлімде ұсынылатын өнімнің немесе қызметтің техникалық және тұтыну сипаттамалары туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады. Одан басқа, нарықта бар аналогтар мен алмастырушылар бойынша салыстырмалы талдау өткізу қажет.*

*Сонымен бірге, өнімді немесе қызметті әзірлеуге, өндіруге және өткізу үшін рұқсат беретін лицензиялар, сертификаттау рәсімдері қажет болған жағдайда, оларды алу және өту бойынша қызметтердің қалай ұйымдастырылатындығын сипаттап беріңіз (оның ішінде мерзімі және қаржыландыруы бойынша).*

*Ұсынылатын технологияның басымдылығын салыстырмалы сипаттап беріңіз.*

**1.9. Жобалық топ**

*Жобалық топтың әр мүшесі үшін 2-ші кестені толтыру арқылы жобалық топтың құзыретін сипаттау қажет.*

*2-ші кесте*

| | | |
|---|---|---|
| **Т.А.Ә** | | |
| **Туылған күні** | | |
| **Жобадағы лауазымы** | | |
| **Біліктілігі және жобадағы жұмыс бағыты** | | |
| **Жобада жұмыспен қамтылу мерзімі** | | |
| **Жобаны іске асырудағы рөлі мен функциялары** | | |
| **Бар дипломдары, сертификаттары, куәліктері** | | |
| **Білімі** *(ЖОО, мамандық атауы; ғылыми дәрежесі мен атағы (болған жағдайда)* | | |
| **Жұмыс тәжірибесі:** | | |
| Жұмыс атқарған мерзімі | Лауазымы және ұйым атауы | Жұмыстың негізгі нәтижелері |
| | | |
| | | |
| | | |
| **Әртүрлі жобаларға қатысуы** | | |
| **Жобамен байланысты жариялымдар, соның ішінде Q1 және Q2 рейтингтің журналға кіретін басылымдар, патенттер (болған жағдайда)** | | |
| **Хирша индексі (бар болған жағдайда)** | | |

**1.10. Жобаны іске асыру процестерінің картасы (күнтізбелік жоспар)**

*Жобаны іске асыру процестерінің картасында процестің басталуы мен аяқталуының жоспарланған кезеңі, процестің ұзақтығы, әрбір процесті іске асырудан күтілетін нәтиже және процесті орындау бойынша жобалық топтың жауапты мүшесі (- лері) көрсетіле отырып, жоба процестерінің (іс-шараларының) (технологиялық және бизнес процестердің) тізбесі келтірілуі тиіс. (3-ші кесте)*

*3-ші-кесте*

| *Кезең* | *Іс-шара* | *Іс-шараның басталуы (ай, жыл)* | *Іс-шараның аяқталуы (ай, жыл)* | *Нәтиже* | *Жауапты* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

*Ескерту:*

*- жобаны іске асыру мерзімі 3 кезеңнен тұруы тиіс;*

*- Күнтізбелік жоспарда шығыстар сметасы бойынша грант және қоса қаржыландыру қаражатынан қаржыландырылатын барлық негізгі іс-шаралар көрсетілуі тиіс, яғни Күнтізбелік жоспар мен Шығыстар сметасы өзара байланысты болуы керек.*

**1.11. Жобаның ұйымдық құрылымы**

*Бөлімде 4-ші кестеге сәйкес үшінші тұлғалардың қызметтері ретінде тартылатын барлық мамандарды сипаттау қажет.*

*4-ші кесте*

| № | Тартылатын маман | Басталуы (ай) | Аяқталуы (ай) | Айлар саны | Жобаны іске асырудағы міндеті мен рөлі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |
| … | | | | | |

**1.12. Жобаны іске асыру кезіндегі тәуекелдер сипаттамасы**

*Осы бөлімде 5-ші кестеге сәйкес жоба бойынша күтілетін нәтижелерге жетуге әсер ететін ықтимал тәуекелдерді сипаттау қажет. Соның ішінде техникалық іске асырудың мүмкін еместігін қоса отырып техникалық және (немесе) технологиялық шешімді енгізуге байланысты техникалық тәуекелдер, сондай-ақ қажетті шикізат базасының болмауын, экологиялық проблемаларды анықтауды қоса отырып өндірісті ұйымдастырумен байланысты өндірістік тәуекелдер. Одан басқа, нарыққа шығуға кедергі болатын қолданыстағы ережелер мен заң талаптарын көрсету қажет.*

*5-ші кесте*

1) Аяқтау сәтінде жобаны іске асыру шеңберіндегі кірістер көлемі (грант сомасының кемінде 15% - . құрауы тиіс).

2) ...

**1.4.** Осы Шартқа мыналар қоса беріледі:

1) күнтізбелік жоспар (1-қосымша);

2) шығыстар сметасы (2 қосымша);

3) БҚНПТ аралық/жылдық есебінің нысаны (3-қосымша);
4) Жобаны іске асыру тиімділігін талдау жөніндегі есеп (бұдан әрі - есеп) нысаны (4-қосымша);
Осы тармақта көрсетілген қосымшалар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
**1.5.** Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде Конкурс Жеңімпазын ауыстыруға жол берілмейді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

**2.1 Қор:**

1) Конкурс Жеңімпазынан, Грант алушыдан және(немесе) Жекеше әріптестен(әріптестерден) (Жекеше әріптес(тер) болған жағдайда көрсетіледі) Шарт бойынша Жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде оған қатысты кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға;
2) тиісті кезең/уақыт кезеңінде Шарт бойынша іс-шаралардың орындалуын растайтын Грант алушы ұсынған құжаттарға, соның ішінде Грант алушының: жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу фактісін растайтын құжаттарға (шарттар, орындалған жұмыстар актілері, өзге де құжаттама және т. б.) талдау жүргізуге;
3) Грант алушының іс-шаралары мен мәлімделген шығындарын өз бетінше, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдарды, тәуелсіз сарапшыларды тарту арқылы көшпелі және грант бөлінгеннен кейінгі БҚНПТ жүргізуге;
4) БҚНПТ қорытындысы бойынша, Шартқа өзгертулерді және(немесе) толықтыруларды, оған қоса Шарт бойынша ақша қаражатын қайта бөлу және осы Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген сома шегінде басқа да өзгертулерді және(немесе) толықтыруларды енгізу туралы мәселелерді бастамалауға;
5) БҚНПТ барысында осы Шарт бойынша іс-шаралардың орындалмауы анықталған жағдайда, Грант алушыға Қордан хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұзушылықты жою туралы талап қоюға;
6) құжаттарды бұрмалау (жалғандық, қолдан жасау), бұрыс ақпарат беру, осы Шарттың 2.1-тармағының 5) тармақшасын ескере отырып, Шарт бойынша жоспарланған іс-шараларды орындамау фактісі анықталған жағдайларда осы Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы осы Шартты бұзуға;
7) Грант алушы және(немесе) Жекеше әріптес өз міндеттерін және(немесе) осы Шарттың талаптарын орындамаған жағдайда Жобаны іске асыруға арналған гранттың ақша қаражатын беруден бас тартуға;
8) Грант алушы және(немесе) Жеке әріптес өз міндеттерін және(немесе) осы Шарттың талаптарын орындамаған жағдайда, Грант алушыдан белгіленген мерзімде осы Шарт шеңберінде бұрын аударылған гранттың барлық ақша қаражатын қайтаруды талап етуге;
9) Грант алушыға есептерді пысықтауға қайтаруға;
10) Жобаны және(немесе) оның кезеңдерін іске асырудың нәтижелеріне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін сарапшыларды тартуға;
11) кейін Грант алушыға жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шарттың қолданылу, грант бөлінгеннен кейінгі БҚНПТ жүргізу мерзімі ішінде, жаңа жобалық менеджерді тағайындауға;
12) осы Шартқа қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген бұзушылықтарды жоюға және осы Шарттың талаптары мен міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған ықпал ету шараларын қабылдауға, соның ішінде:
- осы Шарттың талаптарына сәйкес Грант алушыдан грант қаражатын пайдалану жөніндегі қаржылық есепті қоса алғанда жоба бойынша аралық және қорытынды есептерні ұсынуды талап етуге;
- қажеттілігіне қарай жоспардан тыс көшпелі БҚНПТ жүргізу бастамашылық жасауға және жүзеге асыруға;
- Грант алушыдан Шарттың барлық талаптарын, соның ішінде жобаны ілгерілету бойынша іс-шараларды бұлжытпай орындауды талап етуге;
13) Тараптар құпия деп таныған ақпаратты қоспағанда, Жобаны іске асыратын қатысушылардан алынған ақпарат пен құжаттаманы өз қалауы бойынша пайдалануға;
14) Қор осы Шарттың 9.1-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Грант алушыдан осы Шарт шеңберінде гранттың бұрын аударылған барлық ақша қаражатын белгіленген мерзімде қайтаруды талап етуге **құқылы.**

**2.2. Қор:**

1) осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ осы Шарттың 1, 2 және 4-қосымшаларына сәйкес (қоса қаржыландыру бойынша Грант алушы тарапынан міндеттемелер орындалған жағдайда), бюджеттік

бағдарлама әкімшісі «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің Қаржыландыру жоспарына сай ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған гранттың ақша қаражатын кезең-кезеңімен бөлуді жүзеге асыруға **міндеттенеді.**

**2.3. Менеджер:**

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес Грант алушыдан жоба бойынша аралық және қорытынды есепті ұсынуды талап етуге;

2) Жобаларға БҚНПТ жүргізу тәртібін регламенттейтін құжаттар талабына сәйкес қажеттілігіне қарай көшпелі БҚНПТ жүргізуге бастамашылық жасауға;

3) Грант алушыдан Жобаны ілгерілету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын талап етуге;

4) Жобаның табысты іске асырылуы үшін қажетті көлемде ақпаратты және құжаттаманы, соның ішінде құпия түрін Қордан, Грант алушыдан, Конкурс Жеңімпазынан және(немесе) Жеке әріптестен алуға;

5) осы Шарт шеңберінде сатып алынатын/орындалатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қолдану бөлігінде өзгертулер/толықтырулар жөнінде ұсыныстарды Қордың қарауына ұсынуға;

6) Жобаны, құжаттама жүйесін және рәсімдерді және Жобаны іске асыру бойынша стратегияларды басқару және ілгерілету жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіруге ықпал етуге;

7) Жобаны ілгерілету іс-шараларын (конференциялар, тренингтер, жол жүру және т.б.) ұйымдастыруға жәрдемдесуге;

8) Жобаны іске асыру шеңберінде, сондай-ақ оны ілгерілету мақсатында, қажеттілігіне қарай әлеуетті сатып алушылармен, серіктес ұйымдармен, медиа-құрылымдар мен т.б. кездесулер өткізуге;

9) осы Шарттың талаптарымен және Қордың нормативтік құжаттарымен белгіленген өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға **құқылы.**

**2.4. Менеджер:**

1) Жобаларға БҚНПТ жүргізу бойынша Қордың қолданыстағы барлық нормативтік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) осы Шарттың талаптарына сәйкес, оның іске асыру мерзімі шегінде Жобаны ілгерілету бойынша БҚНПТ жүргізуге және жұмыстарды үйлестіруге;

3) Грант алушының осы Шарт бойынша талаптарды орындамағаны анықталған жағдайда Жобаны қаржыландыруды тоқтатуға бастамашылық етуге;

4) іске асырылып отырған Жобаға байланысты қажетті құжаттаманы жүргізуге;

5) Жобаны іске асыру тәуекелдері туралы Қор басшылығын уақтылы хабардар етуге;

6) Грант алушы ұсынған есептерге талдау жүргізуге және олардың нәтижелері бойынша Жобаның іске асырылу барысы туралы тиісті қорытынды жасауға;

7) уәкілетті орган/уәкілетті тұлға Қордың, Ұлттық ғылыми кеңестің, қажеттілігіне қарай сарапшылардың қарауына шығару үшін жоба бойынша материалдарды дайындауға **міндетті.**

**2.5. Грант алушы:**

1) осы Шарт тәртібінде және талаптарына сәйкес ҒҒТҚН коммерцияландыруға грант алуға;

2) Жоба нәтижелерін тіркеу, патенттеу, лицензиялау, зияткерлік меншікке құқықты сатуға, өндіріске енгізу мақсатында қолдануға;

3) құпия (қызметтік және коммерциялық) ақпаратты, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығын қорғауға бағытталған сәйкесінше шараларды қабылдауға;

4) ҒҒТҚН коммерцияландыру нәтижесінде алынған өнімге, енгізілген/әзірленген технологияның нәтижесіне, түскен пайда мен басқа да кірістерге иелік етуге **құқылы.**

**2.6. Грант алушы:**

1) шарт жасалған сәттен бастап жобаны іске асыру аяқталғанға дейін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюды жүзеге асыру;

2) осы Шарт бойынша іс-шараларды орындау кезінде қаржылық, әкімшілік немесе шарттық сипаттағы проблемалық мәселелер туындаған кезде Қорды жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге;

3) осы Шарттың 4-ші бөлімінде және 3, 4-қосымшаларда көзделген есептілікті Қорға уақтылы және белгіленген тәртіппен ұсынуға;

4) осы Шарттың 1, 2-қосымшаларына сәйкес, Шартты іске асыру шегінде көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5) Қордың және (немесе) менеджердің талабы бойынша жобаны іске асыруға қатысты қаржылық және өзге де құжаттарды, оның ішінде №1, №2 қосымшаларда көзделген іс-шаралардың ағымдағы орындалуы туралы ақпаратты ұсыну;

6) барлық есептер бойынша Қор, сонымен қатар менеджер меңзеген ескертулерді белгіленген мерзімде жоюға;
7) Қордың жазбаша талап етуі бойынша осы Шарттың міндеттерін орындамаған және (немесе) талаптарын бұзған жағдайда, сондай-ақ осы Шарттың 9.1-тармағына сәйкес Қор Шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда гранттың бұрын алынған ақша қаражатын белгіленген мерзімде Қорға толық көлемде қайтаруға;
8) көшпелі БҚНПТ жүргізу мақсатында менеджердің және (немесе) Қор өкілдерінің Грант алушының аумағына және (немесе) Жобаны іске асыру орнына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
9) Грант алушы Жобаны тұтастай іске асыруға кедергі келтіретін немесе оны жүзеге асырудың орынсыздығын анықтаған жағдайда, тез арада Қорды жазбаша түрде ақпараттандыруға;
10) жобаны іске асыру кезеңінің мерзімі аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде аралық (қорытынды) есепте көрсетілген не қор БНАЖ қорытындылары бойынша анықтаған грант ақшалай қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қорға қайтару;
11) Қор БҚНПТ барысында осы Шарт бойынша іс-шаралардың орындалмауын анықтаған жағдайда, Қордан хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұзушылықты жоюға;
12) Грант алушы осы Шарт негізінде алған ақша қаражаты мен мүлікке өзі иелік ететін және қолданатын басқа құралдар мен мүліктен бөлек есеп жүргізуге;
13) Жобаны іске асыру кезінде кепілдік қызмет көрсету мерзімі (мүмкіндік болған кезде) бар жаңа, пайдаланылмаған тауарларды сатып алуды тиісті сертификаттаумен, қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ жабдықты сатып алумен, тасымалдаумен, пайдалану орнына жеткізумен және (немесе) орнатумен (қажет болған кезде - сақтандыру және т.б.) туындайтын тәуекелден қорғауды қамтамасыз етуге;
14) мониторинг мен БҚНПТ жүргізуді және Жобаларды іске асыру рәсімдерін реттейтін ресми сайттарда орналастырылған Қордың, ҰМҒТСО-ның ішкі нормативтік құжаттарымен (қағидалар, басшылықтар, тәртіптер және т. б.) танысуға және оларды ұстануға;
15) осы Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған сәттен бастап осы Шартты, құжаттаманы, осы Шартпен және Жобамен байланысты барлық есептілікті кемінде 5 (бес) жыл сақтауға;
16) гранттың ақша қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарға және Жобаны іске асыру нәтижелерінде Қордың логотипін орналастыруға;
17) «Осы жоба «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің ақша қаражаты есебінен қаржыландырылатын ҒҒТҚН коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды/жүзеге асырылуда» деген сөйлемді осы Шарт шеңберінде іске асырылатын Жобаға қатысты барлық бұқара мәлімдеулер мен жарияланымдарға (жазбаша, аудио және бейне материалдарды, электрондық жарияланымдарды және т. б. қоса алғанда) қосуға;
18) «Қазақстан ғылымының өнімі» және «Ғылым қоры» АҚ-мен қаржыландырылған» деген сөйлемді Жобаны іске асыру шеңберінде алынған түпкілікті өнімнің қаптамаларына (заттаңбаларына) жазуға;
19) осы Шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін Жекеше әріптеспен бірлескен қызмет туралы шартты/келісімді біржақты тәртіппен бұзбауға;
20) Қордың жазбаша талап етуі бойынша қаржылық есептілікті және Жобаны іске асыруға қатысты өзге де мәліметтерді ұсынуға;
21) кезеңдер мен іс-шаралар бөлінісінде тиісті бухгалтерлік есеп пен есептілікті, орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің нақты құнын талдауды қамтамасыз етуге;
22) _____________ қ. филиалындағы Грант алушының № KZ ____________________ қоса қаржыландырудың есеп айырысу шотына осы Шартта көзделген _____________ көлемде ақша қаражаты салымын қамтамасыз етуге;
23) гранттың және қоса қаржыландырудың ақшалай қаражатын тек қолма-қол ақшасыз нысанда және осы Шартта көрсетілген шоттардан ғана жұмсалуын қамтамасыз етуге;
24) осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес өткізілетін өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) көлеміне қол жеткізуді қамтамасыз етуге. Жобаны іске асыруды аяқтау соңында табыс көлемі грант сомасының кемінде 10%-зын құрауы тиіс;
25) Жобаның іске асырылуын ол аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы жалғастырылуын қамтамасыз етуге (гранттан кейінгі кезең);
26) Грант алушы грант сомасының бірінші траншын аударғанға дейін әрбір кезең бойынша екінші деңгейдегі банктен (бұдан әрі - ЕДБ) осы кезеңді қоса қаржыландыру сомасының кемінде 30% қоса қаржыландыру қаражатының болуын растайтын анықтама беруге міндеттенеді.

27) Мониторинг жүргізу мақсатында Грант алушының аумағына және (немесе) Жобаны іске асыру орнына ҰМҒТСО өкілдерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
28) Мониторинг жүргізу кезеңіне Жобаны іске асыруға қатысы бар қажетті құжаттарды ҰМҒТСО өкілдерінің талап етуі бойынша ұсынуға міндетті;
29) қор мен грант алушы арасында орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісіне электрондық шот-фактураны (бұдан әрі - ЭШФ) ұсыну. Аралық (қорытынды) есепте көрсетілген не Қор БҚНПТ қорытындылары бойынша грант ақшалай қаражатының пайдаланылмаған бөлігі анықталған жағдайда гранттың ақшалай қаражатының пайдаланылмаған бөлігінің сомасына «-» белгісі бар қосымша ЭШФ қойылсын;
30) ЭШФ өз бастамасы бойынша кері қайтарып алынған жағдайда, тиісті салық кезеңі үшін Қордың салық декларациясын тапсыру мерзімінен кейінгі күннен бастап, осы ЭШФ берілген сәтке дейін алынған ЭШФ бойынша ҚҚС сомасы қайтадан алынған салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауды кешіктірген әрбір күн үшін өз қаражаты есебінен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселігі мөлшерінде өсімпұл төлеуге. ЭШФ табыс етілмеген жағдайда, Қорд не салық органы кері қайтарып алуды анықтаған сәтке дейін алынған ЭШФ бойынша ҚҚС сомасы тиісті салық кезеңі үшін Қордың салық декларациясын тапсыру мерзімінен кейінгі күннен бастап Салық және бюджетке төлемдер төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындауды кешіктірген әрбір күн үшін өсімпұлды қайта төлеу.

**2.7.** Грант алушының Жобаны іске асырумен байланысты емес мақсаттарда гранттың ақша қаражатын және мүлкін қолдануға құқығы жоқ.

**2.8.** Қоса қаржыландыру қаражаты толық көлемде және Жобаны іске асырудың әрбір кезеңіндегі жоба бойынша мақсаттар мен міндеттерге ғана жұмсалады.

**2.9.** Грант алушыға осы Шартты іске асыру шеңберінде сатып алынған ақша қаражатына және(немесе) мүлікке қандай да бір ауыртпалық салуға тыйым салынады.

**2.10.** Грант алушы Жобаны Қазақстан Республикасының аумағында іске асырады.

**2.11.** Жобалық топтың құрамы кемінде 4 адамнан тұруы және 6 адамнан аспауы тиіс.

Грант алушы жоба жетекшісімен Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне толық жұмыс күніне жұмыс уақыты белгіленген режимімен еңбек шартын жасасады.

Жетекшіні қоспағанда жобалық топ мүшелерін ауыстыру Жобаны іске асырудың кез келген кезеңінде Қордың жазбаша келісімімен рұқсат етіледі.

**2.12.** Конкурс жеңімпазына, Грант алушыға, Жекеше әріптеске(әріптестерге) қол қойылған күннен бастап және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Конкурс Жеңімпазын ауыстыруға тыйым салынады.

**2.13.** Грант алушының Жобаны іске асыруға қатысатын тараптардан грант қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуына жол берілмейді.

**2.14. Конкурс Жеңімпазы:**

1) Грант алушыға бұдан әрі растайтын құжаттарды Қорға ұсына отырып, осы Шарттың қолданылу мерзіміне тиісті шарт жасасу арқылы Жобаны іске асыруға қатысты ҒҒТҚН пайдалану құқығын беруге міндетті.
2) Грант алушының жобаны іске асыруына, есептілікті уақтылы ұсынуына және осы Шарттың шығыстар сметасына және күнтізбелік жоспарына сәйкес гранттың ақша қаражатын пайдалануына бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Грант алушы Шарт талаптарын орындамаған жағдайда ортақ жауапты болады.
3) осы Шартта көзделген көлемде әрбір кезең бойынша грант сомасының бірінші траншы аударылғанға дейін _____________ қ. филиалындағы Грант алушының № KZ ____________________ қоса қаржыландырудың есеп айырысу шотына осы кезеңді қоса қаржыландыру сомасының кемінде 30%-зы ақша қаражатын салуды қамтамасыз етуге міндетті *(2.14-тармақтың 3) тармақшасы. конкурс жеңімпазының ақшалай қаражатынан бірлесіп қаржыландыру болған жағдайда қолданылады).*

**2.15. Жекеше әріптес** *(жекеше әріптеспен қоса қаржыландыру болған жағдайда 2.15-тармағы көрсетіледі):*

1) Грант алушыдан және Қордан Жобаны іске асыруға қатысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттаманы алуға;

2) Грант алушымен бірлесіп алынған өнімдерге, енгізілген/әзірленген технологияның нәтижелеріне, тиісті шарт немесе бірлескен қызмет туралы келісім негізінде ҒҒТҚН коммерцияландыру нәтижесінде алынған пайдаға және өзге де кірістерге иелік етуге **құқылы.**

**2.16. Жекеше әріптес** *(жекеше әріптеспен қоса қаржыландыру болған жағдайда 2.16-тармағы көрсетіледі):*

1) осы Шартта көзделген көлемде әрбір кезең бойынша грант сомасының бірінші траншы аударылғанға дейін _____________ қ. филиалындағы Грант алушының № KZ _____________________ қоса қаржыландырудың есеп айырысу шотына осы кезеңді қоса қаржыландыру сомасының кемінде 30%-зы ақша қаражатын салуды қамтамасыз етуге;

2) Қордың алғашқы талап етуі бойынша Жобаны іске асыруға қатысты барлық қажетті ақпаратты және құжаттаманы ұсынуға;

3) осы Шарттың қолданылу мерзімі өткенге дейін Грант алушымен бірлескен қызмет туралы шартты біржақты тәртіппен бұзбауға;

4) Мониторинг жүргізу үшін Жобаны іске асыруға қатысы барлық қажетті ақпаратты және құжаттарды ҰМҒТСО-ның талап етуі бойынша ұсынуға **міндетті.**

**2.17**. Осы бөлімде көзделген құқықтар мен міндеттер тізбесі т.бегейлі болып табылмайды, Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

**2.18.** Конкурс Жеңімпазы, Жекеше әріптес, Грант алушы Қордың келісімінсіз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

## 3. Төлем тәртібі

**3.1.** Гранттың ақша қаражатын аудару мақсатында Грант алушы Қорды қанағаттандыратын шарттарда Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын екінші деңгейдегі банкте жекеше банктік «эскроу-шот» (бұдан әрі - эскроу-шот) ашуға міндетті. Банк шотын ашу бойынша шығыстарды Грант алушы өтейді. Грант алушы банк шотының сипаттамасынан және дұрыс пайдаланбаудан келтірілген кез келген залал үшін жауап береді. Грант алушы сондай-ақ Екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - ЕДБ) ақша қаражатын уақтылы аудармағаны немесе алушыға эскроу қолхаттар бойынша гранттың ақша қаражатын аудармағаны үшін де жауапты болады. Жобаны іске асыру мерзімі немесе Шартты іске асыру мерзімі аяқталғаннан кейін банк шоттарындағы гранттың игерілмей қалған ақша қаражаты Қордың шоттарына қайтарылады.

**3.2.** Грант алушының эскроу-шоты грантты игеру үшін ғана пайдаланылады. Гранттың ақша қаражаты осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Күнтізбелік жоспарда және Шығыстар сметасында көзделген шығыстарды өтеу мақсатында ғана пайдаланылады.

**3.3.** Әрбір кезең бойынша ақша қаражатын аудару келесі тәртіпте жүзеге асырылатын болады:

1) 2.6-тармақтың 26) тармақшасы орындалған жағдайда шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бірінші кезең сомасының 50% - нан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем, келесі кезеңдер сомасының 50% - нан аспайтын мөлшерде «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ қаржыландыру жоспарына сәйкес алдын ала төлем;

2) «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің қаржыландыру жоспарына сәйкес, әрбір транштар бойынша одан әрі төлем Грант алушы есептілікті және Қор мен Грант алушының арасында қол қойылған орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісін және электрондық эскроу шот-фактурасын ұсынғаннан кейін жүргізілетін болады, мына талаптарды сақтай отырып:

- гранттың ақша қаражаты осы Шарттың 1-ші бөлімінде көзделген және осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес іс-шараларды іске асыру мақсатында ғана қолданылады;
- грантты іске асырудың кезеңі бойынша жұмыстар/көрсетілетін қызметтер осы Шарттың 1, 2-қосымшаларына сәйкес уақтылы және толық көлемде орындалады/көрсетіледі. Кезең тиісті күнтізбелік жылдың 31-ші желтоқсанында аяқталады.

**3.4.** Грант алушы аралық есепті бекіту туралы ҰҒК оң шешімі, алдыңғы кезең бойынша үнемдеу сомаларын қайтару туралы растау және анықталған үнемдеу сомасына ақшалай қаражатты сатып алушыдан қайтару туралы қол қойылған құжат негізінде келесі кезеңді қаржыландыруды алу құқығын алады.

**3.5.** Грант алушыға ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған гранттың ақша қаражатын аудару ҰҒК бекіткен аралық есеп негізінде (бірінші транштың төленуін қоспағанда), кезең-кезеңмен ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған грант беру туралы жасалған Шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қор өзі қанағаттанарлықсыз деп таныған есептер бойынша, осы Шартқа сәйкес емес жұмсалмаған гранттың ақша қаражатын қайтарып алуға талап қою құқығын өзіне қалдырады.

**3.6.** Аралық және(немесе) қорытынды БҚНПТ жүргізу негізінде аралық есепті және(немесе) қорытынды есепті қарау қорытындылары бойынша Қор Грант алушыға Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде игерілмеген және(немесе) осы Шартқа сай жұмсалмаған гранттың ақша қаражатын қайтарып алу бойынша талап қоя алады.

**3.7.** Алдыңғы кезең бойынша ақша қаражаты игерілмеген жағдайда үнелделген сома аралық және(немесе) қорытынды БҚНПТ жүргізу негізінде Қордың Грант алушыға сәйкесінше хабарламаны жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қорға қайтарылуы тиіс.

**3.8.** Ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану және мүлікке ауыртпалық салу фактілері Жобаға БҚНПТ жүргізу негізінде анықталуы ықтимал және осы Шарт бойынша осыдан бұрын аударылған барлық грант қаражатын талап ету және айыппұл (өсімпұл) төлеуді талап ету үшін негіз болып табылады.

**3.9.** Ұлттық ғылыми кеңестердің сәйкесінше шешімдерін қоспағанда, осы Шарт бойынша гранттың ақшалай сомасы ұлғаю жағына қарай қайта қаралмайды.

**3.10.** Грант алушы осы Шарттың.9.1-тармағында көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Грант алушыға аударылған гранттың ақша қаражаты 10 (он) жұмыс күні ішінде Қордың банк шотына тікелей қолма-қол ақшасыз аудару арқылы толық көлемде қайтаруға жатады.

## 4. Есеп беру тәртібі және нысаны

**4.1.** Грант алушы осы Шарттың Күнтізбелік жоспарына сәйкес кезеңді аяқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде есепті және аралық БҚНПТ жүргізудің соңғы қорытындысы бойынша хабарлама хаттарын алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қорытынды есепті Қорға ұсынуға міндетті. Есептер осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыстарды орындау фактісін растайтын барлық құжаттарды қоса берумен қағаз және электрондық жеткізгіште ұсынылады.

**4.2.** Есеп берудің, ресімдеудің және мазмұнына қойылатын талаптардың тәртібі, сондай-ақ есептерді қарау мерзімдері Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

**4.3.** Ұсынылған есепті Қор қанағаттанарлықсыз деп таныса, бұл туралы хабарлама Грант алушыға аралық есепті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей және қорытынды есепті алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Грант алушы хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және Қорға түзетілген есепті және(немесе) сұратылған құжаттарды ұсынады.

**4.4.** Шарт бойынша іс-шаралардың аяқталуы туралы қорытынды есеп және Ұлттық ғылыми кеңестің сәйкесінше шешімі Жобаны аяқтау үшін негіз болып табылады.

**4.5.** Осы Шартқа қол қою кезінде Грант алушы Қорға осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған «Жобаны іске асыруды бастау алдындағы көрсеткіштер» бағанымен және Жобаны іске асырудың әрбір жылына және Жобаны іске асырудан кейінгі үш жылға толтырылған жоспарлы көрсеткіштермен Жобаны іске асыру тиімділігін талдау бойынша есеп береді.

**4.6.** Грант алушы жоба аяқталғанға дейін әрбір тоқсан соңында Қорға өткен кезеңдегі «Факт» бағанын толтыруы тиіс осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша осыдан бұрын ұсынылған есеппен салыстырылғандағы Жобаны іске асыру тиімділігін талдау бойынша есепті беруге міндеттенеді.

**4.7.** Грант алушы жоба аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл бойы, жартыжылдықта бір рет, қаңтардың 10-нан және шілденің 10-нан кешіктірмей, гранттан кейінгі мониторинг шеңберінде Қорға осы Шарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша осыдан бұрын берілген есеппен салыстырылғандағы Жобаны іске асыру тиімділігін талдау бойынша есепті беруге міндетті.

**4.8.** Қор өзінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Жобаның іске асырылуына БҚНПТ жүргізеді.

## 5. Құпиялылық

**5.1.** Тараптар келесі ақпаратты құпиялы деп тануға келісті: осы Шартқа байланысты Тараптар арасындағы хат алмасу, үшінші тұлғаларға арналмаған және (немесе) ашық түрде қол жеткізе алмайтын, осы Шартқа және Жобаға қатысты шоттар, актілер, кез келген басқа құжаттар.

Осыған байланысты Тараптар құпия ақпаратты қорғау үшін қажетті шаралар қабылдауға және ғылым саласындағы уәкілетті орган Қор акционерінен басқа, екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз оны үшінші тұлғаларға (ҚР жоғары аудиторлық палатасы және оның құрылымдық бөлімшелері (мемлекеттік аудит), Құқық қорғау және арнайы органдар), Жоба бойынша ақпаратты жария ету қолданыстағы заңнаманың талаптарына немесе мемлекеттік биліктің жоғары тұрған органдарының актілеріне немесе тапсырмаларына, мемлекеттік тапсырманы орындау шарттарына

негізделген ақпаратты басқа да мемлекеттік органдарға жарияламауға міндеттенеді. Құпиялылық жағдайлары осы Шарттың әрекет ету барлық мерзімі ішінде және осы Шарт бойынша арақатынастар аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өз күшін сақтайды.

**5.2.** Осы Шартта көзделген Тараптардың құпиялылық және ақпаратты жарияламау туралы міндеттері көпшілікке жалпы қол жетімді ақпаратқа жатпайды.

**5.3.** Грант алушы осы Шарт бойынша іске асырылатын Жобаға қатысты көпшілік мәлімдемелер мен жарияланымдардың көшірмелерін Қорға ұсынады.

Қор Грант алушының және (немесе) оның өкілдерінің жарияланымдарын сыйақы төлеусіз жариялауға және кез келген түрде пайдалануға құқығын өзне қалдырады.

**5.4.** Қоғамды ақпараттандыру мақсатында Қор Грант алушы ұсынған есептер мен ақпараттар негізінде Жобаның іске асырылу барысы туралы жарияланымдарды және басқа да ақпараттық материалдарды Грант алушының келісімінсіз жариялауға құқылы.

**5.5.** Грант алушы Қорды осы Шартқа сай іске асырылатын Жобаның тақырыбы бойынша өткізілуі жоспарланған кездесулер, пресс-конференциялар және басқа да маңызды шаралар туралы алдын-ала ескертеді.

**5.6.** Тараптың бірі басқа Тараптың келісімісіз құпия ақпаратты мемлекеттік билік органдарына, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да жағдайларда және тәртіпте бере алады.

## 6. Тараптардың жауапкершілігі

**6.1.** Грант алушы грант қаражатын мақсатсыз және тиімсіз пайдаланғаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдерін өткізгені үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

**6.2.** Конкурс Жеңімпазы, Жекеше әріптес Жобаны іске асыру кезінде нәтижелерге қол жеткізбегені үшін Грант алушымен бірге ортақ жауапты болады.

**6.3.** Конкурс жеңімпазы, Жекеше әріптес және Грант алушы ұсынылған ақпараттың дұрыстығы үшін жауапты болады. Грант алушы бұрыс мәліметтерді ұсынған жағдайда, Грант алушы Жобаны және(немесе) осы Шарттың өзге де талаптарын іске асыру бөлігінде міндеттемелерді және(немесе) талаптарды орындамаған жағдайда, Қор Шартты бір жақты тәртіппен орындаудан бас тартуға және гранттың бұрын аударылған барлық ақша қаражатын қайтаруды, сондай-ақ осы Шарттың 6.4., 6.5. және 6.6. тармақтарында көрсетілген тәртіппен және мөлшерде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

**6.4.** Есеп беруді шегеру жағдайларын қоспағанда, Грант алушы есептерді осы Шарттың талаптарында айтылған мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талап етуі бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін кезеңнің ақша сомасының 0,1%-зы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелердің ақша сомасының 10%-нан аспайтын айыппұл төлеуге және Қордан хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есепті ұсынуға міндеттенеді.

**6.5.** Грант алушы Жобаны іске асыру тиімділігін талдау жөніндегі есепті осы Шарттың талаптарында айтылған мерзімде ұсынбаған жағдайда, Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талап етуі бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін гранттың жалпы ақша сомасының 0,1%-зы мөлшерінде, бірақ гранттың жалпы ақша сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуге және Қордан хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде есепті ұсынуға міндеттенеді.

**6.6.** Грант алушы осы Шарттың 2.6-тармағының 5), 6), 7), 10), 11), 29), 30) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді орындамаған жағдайда Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талап етуі бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін гранттың жалпы ақша сомасының 0,1%-зы мөлшерінде, бірақ гранттың жалпы ақша сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

**6.7.** Қор осы Шартты іске асыру барысында туындауы мүмкін қандай да бір мәселе бойынша Конкурс Жеңімпазына, Жекеше әріптеске және (немесе) Грант алушыға гранттың ақша қаражатын пайдалану нәтижесінде қасақана немесе байқаусызда (абайсызда) біреуге келтірілген залал үшін не Жобаны орындау әдістері мен нәтижелері үшін кімде-кім қоятын қандай да бір наразылықтар үшін жауап бермейді.

**6.8.** Грант алушы кепілдік қызмет көрсету мерзімі бар (мүмкіндік болған жағдайда) сатып алынатын тауарларды тиісті сертификаттаумен, қауіпсіздікпен пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ

жабдықты сатып алумен, тасымалдаумен, пайдалану орнына жеткізумен және (немесе) орнатумен туындайтын тәуекелден қорғауды қамтамасыз ету үшін дербес жауапты болады.

**6.9.** Грант алушы осы Шарттың 2.6-тармағы 24) тармақшасын бұзған жағдайда Қор өндіріп алуға құқылы, ал Грант алушы Қордың талап етуі бойынша міндеттемелерді орындамаған әрбір күн үшін гранттың жалпы ақша сомасының 0,1%-зы мөлшерінде, бірақ гранттың жалпы ақша сомасының 10%-нан аспайтын айыппұл төлеуге міндеттенеді.

**6.10.** Жекеше әріптес осы Шарттың 2.16-тармағының 1) тармақшасын орындамаған жағдайда Қор өндіріп алуға құқылы, ал жекеше әріптес Қордың талабы бойынша тиісті кезеңді қоса қаржыландырудың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте айыппұлды төлеу Жекеше әріптесті осы Шарттың 2.16-тармағының 1) тармақшасын орындаудан босатпайды (6.10 тармақ жеке серіктестің қаражатынан бірлесіп қаржыландыру болған жағдайда қолданылады).

**6.11.** Грант алушы осы Шарттың 2.6-тармағының 22) тармақшасын орындамаған жағдайда Қор өндіріп алуға құқылы, ал грант алушы Қордың талабы бойынша тиісті кезеңді қоса қаржыландырудың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте айыппұл төлеу грант алушыны осы Шарттың 2.6-тармағының 22), 25) тармақшаларының орындалуынан босатпайды (6.11 тармақ грант алушының ақшалай қаражатынан бірлесіп қаржыландыру болған жағдайда қолданылады).

## 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

**7.1.** Әрбір Тарап (осы ереженің мақсаттары үшін осы термин барлық лауазымды адамдарды, мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарды, қызметкерлерді, өкілдерді, сондай-ақ олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін басқа да адамдарды қамтиды) бас Тарапқа, оның қызметкерлеріне, өкілдеріне, сондай-ақ белгілі бір Тарап тартатын немесе оның атынан әрекет ететін басқа адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындау уәкілетті адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға немесе шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамдарына (бұдан әрі - - қатысушы тараптар) тікелей немесе делдал арқылы осы Шарт бойынша Жобаны іске асырумен байланысты пара бермейтінімен және пара беруге тырыспайтындығымен, параға коммерциялық сатып алуды (ақшаны, бағалы қағаздарды, өзге де мүлік, , сол сияқты оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету, пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін өзі немесе басқа адамдар үшін мүлікке немесе мүліктік сипаттағы пайдаға құқықтар шектеусіз, қоса алғанда) жүзеге асырмайтындығымен келіседі.

**7.2.** Әрбір Тарап, осы Шартқа қол қойғанға дейін, екінші Тарапқа осы Шартпен байланысты екінші Тараппен қандай да бір іскерлік қатынасты орнату және (немесе) жалғастыру мақсатында қатысушы тараптарға пара бермегенін, коммерциялық пара бермегенні және беруге талпынбағанын мәлімдейді және кепіл береді.

**7.3.** Әрбір Тарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен танысқанын мойындайды және бұл аталған нормаларды сақтайтынымен келіседі.

**7.4.** Әрбір Тарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет саласында қолданылатын заңнарды екінші Тараптың бұзуына алып келуі ықтимал қандай да бір іс-әрекетті жасамайтынымен және оны жасауға рұқсат бермейтінімен келіседі.

**7.5.** Тараптар, осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын барлық төлемдер бухгалтерлік құжаттамада анық және түзу көрсетілетіндігімен келіседі.

**7.6.** Егер Тараптардың біріне оның сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстату туралы қандай да бір осы ережелердің іс жүзінде немесе болжамды бұзылғаны туралы белгілі болса, ол шұғыл түрде екінші Тарапты бұл туралы хабардар етіп, осы іс бойынша тергеу жүргізуге және ақпарат ұсынуға жәрдемдесуі тиіс.

**7.7.** Тараптар өз қызметкерлері үшін аталған құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру бойынша саясатты және рәсімдерді әзірлеуге және ұстануға келіседі.

**7.8.** Әрбір Тарап болған жағдайда өздерінің қоса орындаушыларының және осы Шарт бойынша оның атынан қызмет көрсететін үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлық және ақшаны жылыстату фактілерін алдын алу рәсімдерін орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
**7.9.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілері бойынша Шартқа қатысушылар Қордың комплаенс офицерінің fn-antikor@science-fund.kz электрондық мекенжайына анониді түрде жүгіне алады.

## 8. Қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптар

**8.1.** Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Грант алушы осы Шартты орындау шеңберінде Жобаны іске асыру процесінде мыналарға:
1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының, Қазақстан Республикасының жер, су, орман заңнамасының, Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының қолданыстағы барлық экологиялық, санитариялық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптарын (нормаларын, қағидаларын, нормативтерін) басшылыққа алуға және олардың сақталуына кепілдік беруге;
2) электр энергиясын, су ресурстары мен жылу энергиясын беру, бөлу және тұтыну сатыларында энергия, су, жылу үнемдеуді және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге;
3) ресурсты үнемдеуді, жаңартылмайтын табиғи ресурстар мен өзге де энергия көздерін пайдалану тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге;
4) қоршаған ортаның ластануын алдан алуға бағытталған қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге (Қоршаған ортаның ластануы деп атмосфералық ауада, жерүсті және жерасты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электрмагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінен асатын мөлшерде (концентрацияларда, деңгейлерде) болуы түсініледі), кез келген түрде экологиялық залал келтіруге жол бермеуге және келтірілген экологиялық залалдың салдарын жоюды қамтамасыз етуге;
5) қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқық тәртібін нығайтуға (адамның, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен өмірлік маңызды мүдделерінің қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету салдарынан туындайтын қатерлерден қорғалу жағдайы ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық қауіпсіздік деп түсініледі);
6) өз қызметі нәтижелерінің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, Қазақстан Республикасының климаты мен биоалуантүрлілігін сақтау бойынша барлық ықтимал шараларды қабылдауға;
7) экологиялық тәуекелдерді азайту, экологиялық менеджмент жүйесін және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі қызметке жоба командасын тартуға жәрдемдесуге;
8) Жобаны іске асыру кезінде тартылған үшінші тұлғалардың қызметтеріне ақы төлеуге арналған шарттарда тиісті талаптарды бекіту арқылы Қазақстан Республикасының экологиялық саясатын іске асыруды жүргізуге;
9) жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам құрылымдарымен, оның экологиялық қауіпсіз қызметіне мүдделі өзге де адамдармен өзара іс-қимыл жасауға міндеттенеді.

## 9. Шартты бұзу талаптары мен тәртібі

**9.1.** Қор келесі:
1) Грант алушы осы Шарттың 6.4, 6.5, 6.6-тармақтарына сәйкес көрсетілген мерзімінде есепті ұсынбаған және (немесе) айыппұл төлемеген жағдайда;
2) Шарт талаптарына сәйкес Жобаны іске асыруға Грант алушының, Жекеше әріптестің және (немесе) Конкурс Жеңімпазының өз (немесе басқа тартылған) ақша қаражатын салу бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда;
3) құжаттарды бұрмалау және (немесе) Грант алушының бұрыс ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда;
4) Грант алушы гранттың ақша қаражатын мақсатқа сай пайдаланбаған жағдайда;

5) Грант алушы осы Шарт бойынша қабылдаған қандай да бір міндеттемелерін орындамаған жағдайда;
6) Қордың сәйкесінше келісімінсіз жобалық топ құрамына өзгеріс енгізген, соның ішінде Грант алушы ҒҒТҚН коммерцияландыруға грант алуға өтінім берген кезде көрсетілген зияткерлік меншік объектісіне құқықтарын жоғалтқан жағдайда;
7) Грант алушы банкрот болған немесе төлемге қабілетсіз, тарату процесінде тұрған, сот шешімімен банкрот деп танылған, мүлкіне арест салынған және(немесе) экономикалық қызметі уақытша тоқтатылған жағдайда;
8) ғылым саласындағы уәкілетті орган тарапынан Жобаны қаржыландыру үшін ақша мөлшерінің тоқтатылуына/азаюына байланысты Жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті ақша қаражатының болмаған немесе тиісті бағыт бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде Қордың атқарушы органының жалпы немесе Жоба бойынша осындай қаржыландыруды уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы актілерді, шешімдерді, өкімдерді қабылдаған жағдайда;
9) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда осы Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы;
10) ҰҒК шешімімен қосарланған қаржыландыру фактісі анықталды және расталды.
**9.2.** Қор 9.1 тармақтың 1)-7) және 9)-10) тармақшаларына сәйкес біржақты тәртіпте Шартты бұзған жағдайда, Грант алушы бұрын ҒҒТҚН коммерцияландыруға алған гранттың ақша сомасын қайтаруға және тараптар қол қойған орындалған (көрсетілген) жұмыстар/қызметтер актілерге қарамастан, Қор жазбаша талап қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шартпен көзделген айыппұлдарды төлеуге міндеттенеді.
**9.3.** Қор 9.1 тармақтың 8) тармақшасына сәйкес біржақты тәртіпте Шартты бұзған жағдайда, Грант алушы осы Шарттың 4-бөлімінің 4.1. және 4.3-тармақтарында көрсетілген барлық растаушы материалдармен және құжаттармен бірге орындалған іс-шаралар бойынша есепті ұсынады.
**9.4.** Осы Шарт соттың және (немесе) ҰҒК шешімімен немесе осы Шартпен көзделген мән-жайлар туындаған жағдайда бұзылуы мүмкін.

## 10.Форс-Мажор

**10.1.** Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының: әскери іс-қимылдардың, дүлей зілзалалардың, ереуілдердің, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе өнеркәсіптегі басқа да оқиғалардың (ереуілдер, локауттар немесе өнеркәсіптегі басқа да оқиғалар Форс-мажордың алдын алуға ұмтылатын Тараптардың бірінің бақылауында болатын жағдайларды қоспағанда), мемлекеттік органдардың тыйым салу немесе шектеу шаралары және өзге де төтенше және ырық бермейтін мән-жайлардың әсерінен туындаған болса жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажор мән-жайлары басталу фактісі тиісті құжатпен расталуы тиіс. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлардың күшінде болу уақытына ұзартылады.
**10.2.** Форс-мажор Тараптардың немесе олардың өкілдері мен персоналының немқұрайлығынан немесе қасақана іс-әрекетінен туындаған кез келген оқиғаларды, сондай-ақ Тараптар осы Шартты жасасу кезінде оларды ескеруі және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде олардың алдын алу немесе еңсеру үшін лайықты амал қолдануды көздеу ықтимал болған оқиғаларды қамтымайды.
Жеткілікті ақша қаражатының болмауы немесе осы Шартта көзделген қандай да бір төлемдердің орындалмауы, сондай-ақ ұлттық валюта бағамының өзгеруі немесе кәсіпкерлік тәуекел форс-мажор болып табылмайды.
**10.3.** Форс-мажорға байланысты Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындай алмайтын Тарап 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа форс-мажордың басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
**10.4.** Форс-мажор мән-жайлары туындаған кезде осындай мән-жайлардың туындауына байланысты Шартқа сәйкес қандай да бір міндеттемелерді орындай алмайтын Тарап форс-мажор мән-жайлары басталған немесе тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда (Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндетті.
**10.5.** Егер Қордан ешқандай өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Грант алушы мақсатына сай осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажор мән-жайына тәуелді емес осы Шартты орындаудың балама амалдарын іздестіреді.

**10.6.** Хабарламаның болмауы немесе уақтылы хабардар етпеу форс-мажордың тиісті мән-жайынан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, Тарапты шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде форс-мажордың кез келген мән-жайына сілтеме жасау құқығынан айырады. Форс-мажор мән-жайларының басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама, форс-мажор мән-жайлары жалпыға белгілі және жаппай сипатқа ие және дәлелдемелерді талап етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен немесе осындай мән-жайларды растайтын тиісті органның және (немесе) мекеменің куәлігімен расталуы тиіс.
